«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

100003, Қарағанды қаласы, Ленин көшесі, 12 үй
Тел. 8 (7212) 56-31-35, факс: 8(7212) 56-80-98
ЖСК KZ92070101KSN0000000
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
БСК KKMFZ2A. БСН 000440001606.

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
« ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

100003, город Караганда, ул. Ленина, 12
Тел.: 8 (7212) 56-31-35, факс: 8 (7212) 56-80-98
ИИК KZ92070101KSN0000000
РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК»
БИК KKMFKZ2A. БИН 000440001606.

27.03.2018 № 2-4-6/3т-П-383

«Палуба» ЖШС

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(одан әрі – Департамент)* Сіздің 2018 жылдың 06 наурызында №23-02 (кіріс №зт-П-383) хатыңызды қарастырып, келесідей хабарлайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 21-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған конкурстық құжаттаманың электрондық нысаны негізінде қазақ және орыс тілдерінде әзірлейді.

Сонымен қатар, Заңның 22-бабының 1 тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттаманы бекітудің міндетті талабы болып әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауы болып табылады.

Заңның 22 бабына 2 тармақшасының сәйкес тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ескертулер болған кезде конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) конкурстық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

2) конкурстық құжаттаманың жобасына ескертпелерді қабылдамай, оларды қабылдамау себептерінің негіздемелерін көрсетеді;

3) конкурстық құжаттаманың ережелеріне түсінік береді.

Көрсетілген шешімдер қабылданған күннен бастап конкурстық құжаттама бекітілді деп есептеледі.

Бақылаумен конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау кезінде конкурстық құжатамадағы техникалық ерекшеліктерінің мемлекеттік тілде жоқтығы туралы Сіздің тарапыңыздан сауал түспегені анықталды.

Алайда, техникалық ерекшеліктердің мемлекеттік тілде болмауы Сіздің аталған мемлекеттік сатып алуға қатысуыңызды шектемеген, оған қоса Сіздің өтініміңіз жеңімпаз болып анықталған.

Заңның 24-бабы 1 тармақшасына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінім әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарға және шарттарға келісім білдіру түрі, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары мен осы Заңның 6-бабында белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын, өзі туралы мәліметтер алуға келісім білдіру түрі болып табылады.

Осыған орай, Сіздің шағымыңызда көрсетілген айғақтар мемлекеттік сатып алу қорытындысын кері қайтаруға негіз болып табылмайды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы мен 14 баптың 6 тармағына сәйкес, Сіз лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ субъектінің шешімдеріне бағыныштылық тәртібімен жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге, жеке немесе заңды тұлғаға тиісті субъектінің немесе заңды тұлғаның іс-әрекет жасағаны не шешім қабылдағаны туралы белгілі болған кезден бастап, үш айдан кешіктірілмей шағым беруіңізге болады.

Басшы **А.Кәукетаев**

Нұрмұханов Д.
☎ 8(7212) 42 55 80